



"Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 ақпандағы № А-2/60 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2023 жылғы 1 наурыздағы № А-2/68 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 2 наурызда № 8516-03 болып тіркелді

Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 ақпандағы №А-2/60 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26811 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Ақмола облысының әкімі

Е.Маржипаев

Ақмола облысы әкімдігінің
2023 жылғы 1 наурыздағы
№ А-2/68 қаулысына
қосымша
Ақмола облысы әкімдігінің
2022 жылғы 8 ақпандағы
№ А-2/60 қаулысымен
бекітілген

Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы					
Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны	Мемлекеттік және жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі топтардың түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)			

		болу режимі 10,5 сағаттық топта	болу режимі 9 сағаттық топта	санаторлы топта	түзету түріндегі топта	жарты күн болатын топта
Қала	17615	46 189 теңге	42 674 теңге	68 404 теңге	81 864 теңге	20 202 теңге
Ауыл	17426	50 933 теңге	46 891 теңге	76 311 теңге	91 748 теңге	22 310 теңге
		Педагогтардың педагогикалық шеберлігінің біліктілігі болған жағдайда мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша сенімгерлік басқаруға берілген мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі топтардың түрлері және бір оқушыға шаққандағы шығындардың орташа құны (теңге)				
		болу режимі 10,5 сағаттық топта	санаторлы топта	түзету түріндегі топта		
Қала	1453	48 450 теңге		68 404 теңге	81 864 теңге	
Ауыл	137	53 759 теңге		76 311 теңге	91 748 теңге	
Бір тәрбиеленушіге айына ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)						
3 жасқа дейін		3 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін			жарты күн болатын топта	
12 450,23 теңге		15 529,32 теңге			7 764,66 теңге	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК